КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 27 маусым №5294-25-00-4/670 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты құрамында төрағалық етуші судья Т.Қ.Үмбетова,
сот отырысының хатшысы болып М.Әшірбектің отыруында,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша әкімшілік істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫЛАР:
Дара кәсіпкер Дилмурат Эргашваевич Эрназаров
Дара кәсіпкер Бактияр Абдашимович Байбосынов
Дара кәсіпкер Камила Абдуллаевна Пайзиева

ЖАУАПКЕР:
«Шымкент қаласының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі

МҮДДЕЛІ ТҰЛҒАЛАР:
«Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі» мемлекеттік мекемесі
«Шымкент қаласының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі
«Шымкент қаласы білім басқармасының №144 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Дара кәсіпкерлер:
Аргинбаева Гульмира Махамедовна
Борбекова Гулайым Куришбаевна
Бейсебаева Фатима Ибадуллаевна
Тлемисова Эльмира Данибековна
Осанова Гулзабира Умирзаковна
Бабамамедова Заара Хаджимамедовна
Ахметова Лаура Егенбаевна
Игілік Жәмила Ажықабылқызы
Айнамкулова Сулушаш Андакуловна
Абдуалиева Жанагуль Аманкельдиновна
Сейдалиева Салтанат Мелдехановна

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Абиева Каламкас Кадирбековна
Галия Нуртайқызы Карымсакова
«Жортар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
«Үш бұлақ» балалар сауықтыру орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫЛАРДЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. 2025 жылғы 8 сәуірдегі №13840069-ОК1 конкурс қорытындылары туралы хаттаманы заңсыз деп танып, күшін жою туралы
2. талап қоюшылардың шағымы бойынша ұйымдастырушының шешімін заңсыз деп танып, күшін жою туралы
3. Конкурс нәтижелерін қайта қарауды міндеттеу туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшылардың өкілдері Ж.Файзуллаев, С.Алданов,
жауапкердің өкілі М.Ерғалиев,
мүдделі тұлға Г.Борбекованың өкілі Г.Киргизова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

"Шымкент қаласының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – ұйымдастырушы, жауапкер) конкурс тәсілімен №13840069 «Тамақтандыру қызметтерін сатып алу №144 мектеп» мемлекеттік сатып алу (бұдан әрі - №13840069 конкурс), конкурс жарияланып, 2025 жылдың 8-сәуірінде конкурс қорытындылары туралы хаттама (бұдан әрі - хаттама) шығарылған.

Хаттамаға сәйкес конкурсқа қатысуға 19 әлеуетті өнім беруші өтінім беріп, олардың бірі дара кәсіпкер М.У.Парманованың өтініміне бас тартылып, қалғандары: дара кәсіпкерлер Г.Аргинбаева, Г.Борбекова, Ф.Бейсебаева, Э.Тлемисова, Г.Осанова, З.Бабамамедова, Л.Ахметова, Ж.Игілік, К.Пайзиева, С.Айнамкулова, Ж.Абдуалиева, Б.Байбосынов, С.Сейдалиева, К.Абиева, Г.Карымсакова, Д.Эрназаров және «Үш бұлақ» балалар сауықтыру орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жіберілген.

Нәтижесінде 11 әлеуетті өнім беруші: Г.Борбекова, Э.Тлемисова, Ф.Бейсебаева, Л.Ахметова, З.Бабамамедова, С.Айнамкулова, К.Пайзиева, Ж.Абдуалиева, Б.Байбосынов, Д.Эрназаров және «Үш бұлақ» балалар сауықтыру орталығы» ЖШС әрқайсысы жалпы жинақта 18 балдан алған.

Хаттамаға сәйкес конкурс жеңімпазы болып дара кәсіпкер Г.Борбекова танылған, екінші орында дара кәсіпкер Э.Тлемисова, ал талап қоюшы К.Пайзиева 7 орын, Б.Байбосынов – 9, Д.Эрназаров – 11 орын алған.

Документ подписан: Умбетова Т. К., 08.07.2025

5294-25-3-1-1/672

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жеңімпаз «конкурсқа қатысуға өтінімі басқа әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерінен бұрын түскен» шарты бойынша анықталған.

Конкурс қорытындысына «Е-өтініш» электронды жүйесі арқылы ұйымдастырушыға Б.Байбосынов пен Д.Эрназаров 2025 жылдың 10 сәуірінде №№ ЖТ-2025-01174806, ЖТ-2025-01173722, К.Пайзиева 2025 жылдың 14 сәуірінде № ЖТ-2025-01221405 санды шағым берген (2025 жылдың 27- мамырына дейін «мемлекеттік сатып алу» порталы арқылы шағым беру функционалы енгізілмеген).

Осылайша, талап қоюшылармен дауды сотқа дейінгі міндетті реттеу тәртібі сақталған.

Ұйымдастырушының 2025 жылғы 12- мамырдағы №№ ЖТ-2025-01174806, ЖТ-2025-01173722 санды, 2025 жылғы 13-мамырдағы № ЖТ-2025-01221405 санды жауап хаттарына сәйкес талап қоюшылардың шағымдары қанағаттандырусыз қалдырылған.

Талап қоюшылар Б.Байбосынов пен Д.Эрназаров сотқа жоғарыда көрсетілген талаптарды қоя отырып, әкімшілік талап қою негіздемесіне дара кәсіпкер Г.Борбекованың аспазшылары А.Анкеевамен, А.Игембердиевпен, Д.Олжоевпен, Ә.Сүйермен, дара кәсіпкер Э.Тлемисованың аспазшылары А.Болатпен, Ә.Сүлейменмен, Ә.Рүстеммен, Р.Амантаевпен, А.Сарсеновамен, У.Коймуратовамен, Д.Ирисметовпен, дара кәсіпкер Л.Ахметованың аспазшылары А.Сауровамен, А.Алибаевпен, Т.Ерімбетпен, Н.Абдухаликовпен, дара кәсіпкер З.Бабамамедованың аспазшылары Ш.Абдурасуловпен, М.Тастановпен, Н.Умаровпен, Ә.Абдіманаповамен, дара кәсіпкер С.Айнамкулованың аспазшылары Э.Арынбековамен, Ж.Аманбаевамен, С.Азтаевамен, А.Мырзахметовпен, дара кәсіпкер К.Пайзиеваның аспазшылары Р.Турлыбековпен, Ә.Жанаймен, Р.Ажибековпен, А.Жұмабаймен, дара кәсіпкер Ж.Абдуалиеваның аспазшылары З.Муминовамен, А.Алменовамен, И.Жолымбековамен, Р.Ганиевпен, «Үш бұлақ» балалар сауықтыру орталығы» ЖШС-нің аспазшылары Н.Мұсамен, Ұ.Оразбекпен, О.Умировамен, А.Исаевамен, У.Каххаровамен еңбек шарттары «enbek.kz» сайтында тіркелмегенін, сонымен қатар аспазшыларға біліктілік разрядтары туралы куәліктер мен сертификаттар «Маман Специалист», «Специалист», «Amanat Safety», «Sapa», «КПРК Орта» атты аккредиттелмеген оқу-өндірістік орталықтарынан берілгенін көрсеткен.

Талап қоюшы К.Пайзиева әкімшілік талап қоюында конкурс хаттамасында жеңімпаз Борбековаға аспаздарының, олардың еңбек өтілі және техник-технолог пен диетологының бар болуы шарты бойынша 13 балл қойылғанын, осы тектес басқа да дара кәсіпкерлердің еңбек ресурстары тиісті құжаттармен расталмайтынын көрсетіп, соттың назарын заңды күшіне енген Шымкент қалалық сотының әкімшілік істер жөніндегі

Документ подписан: Умбетова Т. К., 08.07.2025

5294-25-3-1-1/672

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

алқасының 2025 жылғы 9 қаңтардағы №4а/503 ісі бойынша қаулысына, яғни ұқсас жағдайлардың әкімшілік іс жүргізу аясында құқықтық баға алғанына аудара отырып, 2025 жылғы 8 сәуірдегі №13840069-ОК1 (лот № 77032853-КпОПО1) конкурс қорытындылары туралы хаттаманы заңсыз деп танып, күшін жоюды және жауапкерге конкурс нәтижелерін қайта қарауды міндеттеуді сұраған.

Соттың 2025 жылғы 21- мамырдағы және 16, 20- маусымдағы ұйғарымдарымен № 5294-25-00-4/670, /680, /713, /822 әкімшілік істер бір іс жүргізуге біріктірілген.

Жауапкер әкімшілік талап қоюларға пікірінде жеңімпаз Борбекованың аспазы А.Анкееваға қатысты уәждері «Түркістан облысы білім басқармасының №8 колледжі» коммуналдық қазыналық кәсіпорнына сұрату жолдау арқылы расталғанын, сол сияқты дара кәсіпкер Ахметованың жұмыскерлерімен еңбек шартының мерзімі аяқталғаны расталғанын, осы себепті Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігіне конкурс қорытындыларын қайта қарауға рұқсат беру туралы жолданым дайындалып жатқанын, басқа әлеуетті өнім берушілердің ұсынған құжаттарына баға беруде ұйымдастырушының тарапынан заңбұзушылық орын алмағанын көрсеткен.

Сот отырысында талап қоюшылар Б.Байбосынов пен Д.Эрназаровтың өкілі Ж.Файзуллаев, талап қоюшы К.Пайзиеваның өкілі С.Алданов талап қою нысандары мен негіздерін толығымен қолдап, талап қоюларды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі М.Ерғалиев сот отырысында жазбаша пікірде көрсетілген негіздерде талап қоюларды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Мүдделі тұлға Г.Борбекованың өкілі Г.Киргизова сотта талап қоюмен келіспейтіндерін мәлімдеді.

Әкімшілік іске қатысу үшін тартылған басқа мүдделі тұлғалар және «Шымкент қаласының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің, «Шымкент қаласы білім басқармасының №144 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өкілдері сотқа қатыспады, қатыспауының дәлелді себептерін хабарламады, сотқа талап қоюшылардың уәждерін жоққа шығаратын дәлелдемелер ұсынбады және істі өздерінің қатысуынсыз қарауды сұрамады.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік - процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) 115-бабының 1-бөлігіне сәйкес әкімшілік іске қатысатын адамдардың келмеуі оларға тиісінше хабарланған жағдайда сот отырысын өткізуге кедергі болып табылмайды.

Соттың 2025 жылғы 27 маусымдағы ұйғарымымен дара кәсіпкер Камила Абдуллаевна Пайзиеваның «Шымкент қаласының Мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесіне берген талабының дара

Документ подписан: Умбетова Т. К., 08.07.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

кәсіпкерлер Гульмира Махамедовна Аргинбаеваға, Эльмира Данибековна Тлемисоваға, Гулайым Куришбаевна Борбековаға, Фатима Ибадуллаевна Бейсебаеваға, Лаура Егенбаевна Ахметоваға, Заара Хаджимамедовна Бабамамедоваға, Сулушаш Андакуловна Айнамкуловаға негізсіз берілген ұпайларды алып тастау туралы бөлігі ӘРПК- нің 138- бабының 2- бөлігі 11) тармағы, дара кәсіпкер Галия Нуртайқызы Карымсакованың талапта көрсетілген мән-жайлардың заңдылығын қарап, әділ шешім шығару туралы талап қоюы ӘРПК- нің 138- бабының 2- бөлігі 2) – тармағы негізінде қайтарылған.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№ 1 және № 2 талап қоюлар бойынша

Даудың мән-жайлары:

Талап қоюшылар Б.Байбосынов, Д.Эрназаров және К.Пайзиева (бұдан әрі – талап қоюшылар) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыру бойынша қызметтерді сатып алу бойынша № 13840069 конкурсқа қатысқан және конкурс нәтижелерімен келіспей, ұйымдастырушыға шағымданған.

Талап қоюшылардың шағымдары қанағаттандырусыз қалдырылған.

Талап қоюшылар 2025 жылғы 8 сәуірдегі №13840069-ОК1 конкурс қорытындылары туралы хаттаманы (бұдан әрі – даулы хаттама) заңсыз деп танып, күшін жоюды сұрайды.

Сонымен қатар, талап қоюшылар Д.Э.Эрназаров пен Б.А.Байбосынов өздерінің 2025 жылғы 10 сәуірдегі №ЖТ-2025-01174806, ЖТ-2025-01173722 шағымдарын қанағаттандырусыз қалдыру туралы ұйымдастырушының шешімдерін заңсыз деп танып, күшін жоюды сұрайды.

Талап қоюшылардың уәждері:

1) жеңімпаз дұрыс анықталмаған, себебі:

a)дара кәсіпкер Борбекованың (бұдан әрі - жеңімпаз) аспазшылары А.Анкеевамен, А.Игембердиевпен, Д.Олжоевпен, Ә.Сүйермен еңбек шарттары «enbek.kz» сайтында тіркелмеген, диетолог, технолог мамандарының бар болуы тиісті құжаттармен расталмайды;

b) жеңімпаздың аспаздарына 5 разрядты аспаз біліктілігі «Маман-Специалист» және «Специалист» атты аккредиттелмеген оқу-өндірістік орталықтарымен берілген, осы негізде олар 3 разрядты аспазшы ретінде қабылданып, «аспаздарының болуы» шарты бойынша 6 ұпайдың орнына 4 ұпай берілуі керек;

2)дара кәсіпкерлер Тлемисованың, Ахметованың, Бабамамедованың, Айнамкулованың, Пайзиеванның, Абдуалиеванның, «Үш бұлақ» балалар

Документ подписан: Умбетова Т. К., 08.07.2025

5294-25-3-1-1/672

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

сауықтыру орталығы» ЖШС-нің өтінімде көрсетілген аспазшыларымен еңбек шарттары «enbek.kz» сайтында тіркелмеген;

3) талап қоюда көрсетілген аспазшыларға біліктілік разрядтары туралы куәліктер мен сертификаттар «Маман Специалист», «Специалист», «Amanat Safety», «Sapa», «КПРК Орта» атты аккредиттелмеген оқу-өндірістік орталықтарынан берілген.

Сонымен, "Шымкент қаласының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – ұйымдастырушы, жауапкер) конкурс тәсілімен № 13840069 «Тамақтандыру қызметтерін сатып алу №144 мектеп» мемлекеттік сатып алу (бұдан әрі - № 13840069 конкурс, конкурс) өткізілетіні жарияланып, әлеуетті өнім берушілер 2025 жылдың 18-наурызынан сағат 9.00 ден бастап өтінімдер берген.

Конкурс нәтижесі 2025 жылдың 8-сәуірінде жарияланған.

Даулы хаттамаға сәйкес конкурс жеңімпазы болып дара кәсіпкер Г.Борбекова (18 ұпай) танылған, екінші орында дара кәсіпкер Э.Тлемисова (18 ұпай), ал талап қоюшылар К.Пайзиева (18 ұпай)- 7 орын, Б.Байбосынов (18 ұпай) – 9, Д.Эрназаров (18 ұпай) – 11 орын алған.

Жеңімпаз «конкурсқа қатысуға өтінімі басқа әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерінен бұрын түскен» шарты бойынша анықталған, Г.Борбекова өтінімін 2025 жылдың 18 наурызында сағат 9.01.42 -де берген.

Бұл ретте даулы қатынастарға Қазақстан Республикасы «Білім беру туралы» Заңының 2- бабының 3- тармағы 2) тармақшасында белгіленгендей Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының күші қолданылмайды.

Сатып алудың бұл түрі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 54 бұйрығына дейінгі редакциядағы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларымен» (бұдан әрі – Қағида) реттеледі.

Қағиданың 2- тармағында белгіленгендей, қызмет көрсетушіні таңдау өлшемшарттары ретінде әлеуетті өнім берушінің қызмет көрсетуі бойынша мүмкіндіктері мен жағдайларын бағалау негізінде жүргілетін белгілер ұғынылады.

Конкурстық комиссияның міндеті – шарттық міндеттемелерді

Документ подписан: Умбетова Т. К., 08.07.2025

5294-25-3-1-1/672

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек ресурстары бар әлеуетті өнім берушілерді анықтап, олардың ішінен барынша сапалы қызмет көрсетуге мүмкіндігі барын таңдау.

Қағиданың 64, 65- тармақтарының талаптарына сәйкес конкурстық комиссия конкурс қорытындылары туралы хаттаманы қалыптастыру кезінде конкурсқа қатысуға бір өтінім берілген жағдайларды қоспағанда, конкурсқа қатысуға өтінім берген әрбір әлеуетті өнім берушіге қатысты Үлгілік конкурстық құжаттамаға 7, 8-қосымшалардағы өлшемшарттарға сәйкес балл қояды.

Қағиданың 7-қосымшасында көрсетілген өлшемшарттардың бірі - азпаз біліктілігіне, яғни (қоғамдық тамақтандыру саласында) берілген арнайы орта білімі (2007 жылғы 27 шілдеге дейін білімі туралы құжатты алған жағдайда) немесе техникалық және кәсіптік, жоғары білімі бар аспаздың болуы бойынша арнайы орта білім (білім туралы құжатын 2007 жылғы 27 шілдеге дейін алған жағдайда) немесе техникалық және кәсіптік білім 3 разряд (1 балл), арнайы орта білім (білім туралы құжатын 2007 жылғы 27 шілдеге дейін алған жағдайда) немесе техникалық және кәсіптік білім 4 разряд (2 балл), арнайы орта білім (білім туралы құжатын 2007 жылғы 27 шілдеге дейін алған жағдайда) немесе техникалық және кәсіптік білім 5 разряд және (немесе) жоғары білім (3 балл) берілу керек;

- диетология саласында медициналық білімі мен біліктілігі және (немесе) диетология саласында біліктілігін арттырудан (қайта даярлаудан) өткен медициналық білімі бар диетологтың немесе диеталық бикенің болған жағдайда 1 балл;

- технолог біліктілігі берілген (қоғамдық тамақтану саласында) арнайы орта білімі (білім туралы құжатын 2007 жылғы 27 шілдеге дейін алған жағдайда) немесе техникалық және кәсіптік, жоғары білімі бар өндіріс меңгерушісінің болған жағдайда 2 балл;

- конкурс өткізілетін тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында әлеуетті өнім берушіні тіркеудің болуы 2 балл қойылатыны бекітілген.

Сонымен, конкурстың техникалық тапсырмасына сәйкес №144 мектептегі оқушылардың саны – 1170 (Қағидаға сәйкес 651-ден 1300-ге дейін білім алушысы бар білім беру ұйымына жатады).

Ендеше, әлеуетті өнім берушілер біліктілігі туралы мәліметтерінде кемінде 2 аспаз, 4 ас үй жұмысшысының, диетологы және технологы болуын көрсетіп, растайтын құжаттардың көшірмелерін тіркеуі қажет болған.

Әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы мәліметтерге сәйкес жеңімпаз Г.Борбекова осы конкурсқа қатысу үшін өзінде 4 аспаз (А.Анкеева, А.Игембердиев, Д.Олжоев, Ә.Сүйер), 7 ас үй жұмысшысы (Г.Абилова, А.Азимова, Д.Давранова, К.Топаева, К.Бекмуратова,

Документ подписан: Умбетова Т. К., 08.07.2025

5294-25-3-1-1/672

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

К.Аманкулова, Т.Тилавбоева), 1 диетолог (Н.Туленбаева) және 1 техник-технологы (Б.Аскарова) бар екенін мәлімдеген.

Конкурстық комиссия Г.Борбекованың аспаздарының болуы шарты бойынша ең жоғарғы ұпай - 6, аспаз өтіліне – 4, диетологтың немесе диеталық бикенің болуы -1, технологтың немесе техник-технологтың болуы шарты бойынша 2, жұмыс тәжірибесіне берілген 5 ұпайды қосқанда барлығы 18 ұпай берген.

Жеңімпаз аспаздарының болуын А.Анкееваны, А.Игембердиевті, Д.Олжоевты, Ә.Сүйерді жұмысқа қабылдау туралы 2025 жылғы 6-қаңтардағы №№ 12, 13, 14, 15 бұйрықтармен, олардың аспаз ретіндегі еңбек өтілін дара кәсіпкер Ж.Абдуалиеваның 2024 жылғы 20 наурыздағы бұйрықтарымен және осы аталған аспаздардың атына дара кәсіпкер Ж.Абдуалиевамен бір күнде (2024 жылы 19- қаңтарда және 2024 жылы 23 қаңтарда) 12 айға аударымдар туралы біріңғай зейнетақы жинақтары қорының анықтамаларымен растаған.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі - ЕК) 35-бабында жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжат ретінде бір ғана еңбек шарты емес, өзге де құжаттар келтірілген.

Жұмысқа қабылдау жасалған еңбек шарты негізінде шығарылатын жұмыс берушінің актісімен рәсімделеді.

Сонымен қатар, еңбек заңнамасының талаптарына сай жұмыс берушіге еңбек шартын жасасу және тоқтату, оған енгізілетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар, берілген демалыстар туралы ақпаратты еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне (бұдан әрі – ЕШЕБЖ, enbek.kz) енгізіп отыру міндеті жүктелген (*ЕК-нің 23-бабы 2-тармағының 27)-тармашасы*).

Алайда, соттың сұратуына «Шымкент қаласының мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесінен 2025 жылы 23-маусымда № 5294-25-5-17/5555 кіріс санмен түскен мәліметтерге сәйкес Г.Борбекова осы конкурсқа қатысу туралы өтінімін 2025 жылы 18-наурызда бере отырып, ұсынылған мәліметтердің растығына өзінің жауаптылығын ала отырып, ЕК-нің 23- бабы 2-тармағы 27)-тармақшасымен белгіленген міндеттерін орындамай, аспаздары А.Анкееваны, А.Игембердиевті, Д.Олжоевты, Ә.Сүйерді жұмысқа қабылдау туралы мәліметті enbek.kz жүйесіне 2025 жылы 4- маусымда, яғни осы әкімшілік іс бойынша сот талқылауы басталғаннан кейін енгізген.

ЕШЕБЖ мәліметіне сәйкес жүйеде А.Анкееваның 2019 жылғы 26-қаңтардан бастап Түркістан облысы Төлеби ауданының білім басармасы «№7 ІТ мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен еңбек шарты тіркелген, еңбек қатынастары тоқтағаны жөнінде мәлімет енгізілмеген.

Документ подписан: Умбетова Т. К., 08.07.2025

5294-25-3-1-1/672

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Сол сияқты, аспаздар А.Игембердиевтің, Д.Олжоевтың аспазшы ретіндегі еңбек шарттары жүйеде тіркелмеген, аспаз Ә.Сүйердің 2023 жылғы 21- сәуірден дара кәсіпкер Н.Тайшыковамен кеңсе кассирі ретіндегі еңбек шарты тіркелген, еңбек қатынастары тоқтағаны жөнінде мәлімет енгізілмеген.

А.Анкеева мен Д.Олжоевтың «Маман - специалист», А.Игембердиев пен Ә.Сүйердің «Специалист» оқу-өндірістік орталықтарында біліктіліктерін жетілдіру курсынан өтіп, «5 разряд» біліктілігін берген құжаттарына қатысты талап қоюшылардың күмәндары негізді.

Соттың сұратуына берген «Атамекен» Шымкент қаласының кәсіпкерлер палатасының 2025 жылғы 18 маусымдағы № 5294-25-5-17/5439 кіріс санды жауап хатына сәйкес «Маман - специалист» оқу-өндірістік орталығы біліктілікті арттыру және біліктілік беру жөніндегі оқу орталықтары мен оқу орындарының тізілімінде (atamaken.kz) жоқ.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының 2025 жылғы 2 сәуірдегі қаулысымен (іс № 6001-25-00-бап/244) күшінде қалдырылған Шымкент қалалық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының 2024 жылғы 4 желтоқсандағы қаулысымен (іс № 4а/461) «Специалист» оқу-өндірістік орталығының аккредитациядан өткен оқу орындарының тізілімінде жоқ екені анықталған.

Осы негіздерде, сот конкурстық комиссияның Г.Борбековаға аспаздарының болуы, олардың еңбек өтілі өлшемшарттары бойынша 6 және 4 ұпай беру туралы шешімдерімен келіспейді, негізсіз қабылданған деп есептейді.

Сондай-ақ, № 598 Қағиданың талаптарына сай диетологтың немесе диеталық бикенің диетология саласында медициналық білімі мен біліктілігі және (немесе) диетология саласында біліктілігін арттырудан (қайта даярлаудан) өткен медициналық білімі болуы қажет. Құжат үлгісі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-303/2020 бұйрығымен бекітілген, куәлік беру «Денсаулық сақтау саласы кадрларының біліктілігін арттыру мен сертификаттау курстарынан өткені туралы құжаттар беру» мемлекеттік қызмет шеңберінде беріледі делінген.

2) уәж бойынша соттың сұратуына «Шымкент қаласының мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесінен 2025 жылы 23- маусымда № 5294-25-5-17/5555 кіріс санмен түскен мәліметтерді әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысу үшін мемлекеттік сатып алу порталына өтінімдерімен қоса жүктеген құжаттарымен салыстыра зерттеп, enbek.kz жүйесінде дара кәсіпкер Э.Тлемисова аспаздары А.Болатпен, Ә.Рүстеммен, А.Сарсеновамен, У.Коймуратовамен, Д.Ирисметовпен еңбек шартын 2025 жылдың 3-

Документ подписан: Умбетова Т. К., 08.07.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

маусымында, яғни конкурсқа қатысу туралы өтінімін берген кезде емес, осы іс бойынша сот талқылауы басталғаннан кейін тіркегені, ал Ә.Сүлейменмен еңбек шарты тіркелмегені, аспаз Р.Амантаевтың 2025 жылғы 22- қаңтардан дара кәсіпкер З.Бабамамедовамен еңбек шарты тіркелгені, дара кәсіпкер Л.Ахметованың аспазшылары А.Сауровамен, А.Алибаевпен, Т.Ерімбетпен, Н.Абдухаликовпен еңбек шарты 2025 жылы 13- ақпанда тіркелгені, дара кәсіпкер Бабамамедованың аспазшылары Ш.Абдурасуловпен, М.Тастановпен, Н.Умаровпен, Ә.Абдіманаповамен еңбек шарттары 2025 жылдың 28 және 31- қаңтарында тіркелгені, алайда аспаздар М.Тастанов пен Н.Умаровтың 2025 жылдың 31- қаңтарынан бастап дара кәсіпкер Тәңірбайда да аспаз болып жұмысқа қабылданғаны жөнінде мәлімет, дара кәсіпкер Айнамкулованың аспаз Э.Арынбековамен еңбек шарты 2025 жылдың 13-мамырында, аспаз Ж.Аманбаевамен еңбек шарты 2025 жылдың 16-маусымында, аспаз С.Азтаевамен еңбек шарты 2025 жылдың 10-ақпанында тіркегені, А.Мырзахметовпен еңбек шарты тіркелмегені, дара кәсіпкер К.Пайзиеваның аспаздары Р.Турлыбековпен, Ә.Жанаймен, А.Жұмабаймен еңбек шарттары тіркелмегені, Р.Ажибековпен еңбек шарты 2025 жылдың 11- ақпанында тіркелгені, алайда аспаз ретіндегі еңбек өтілі жүйеде расталмайтыны, дара кәсіпкер Абдуалиеваның аспаз И.Жолымбековамен еңбек шарты 2025 жылдың 12-ақпанында тіркелгені, басқа аспаздары шылары З.Муминовамен, А.Алменовамен, Р.Ганиевпен еңбек шарттары тіркелмегені, «Үш бұлақ» балалар сауықтыру орталығы» ЖШС-нің аспазшылары Н.Мұсамен, Ұ.Оразбекпен, О.Умировамен, А.Исаевамен, У.Каххаровамен еңбек шарттары «enbek.kz» сайтында тіркелмегені анықталды.

Соттың сұратуына берген «Атамекен» Шымкент қаласының кәсіпкерлер палатасының жауап хатына сәйкес Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 231 «Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 11- тармағы негізінде Өңірлік кәсіпкерлер палатасы мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін білім беру ұйымдарын іріктеуді жүзеге асырады және оларды Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының техникалық және қызмет көрсету еңбегінің кәсіптері (мамандықтары) бойынша кәсіптік даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру және біліктілік беру жөніндегі оқу орталықтары мен оқу орындарының тізіліміне енгізетін мекеме болып табылады. Аталған қағидалардың 13- қосымшасына сәйкес біліктілік дәрежелері жөнінде сертификаттың үлгісі көрсетілген. Шымкент қаласы кәсіпкерлер палатасының білім беру ұйымдары тізіліміне 41 оқу орталығы енгізілген, олардың ішінде кәсіпорын жанындағы -19, жеке меншік -20, колледж базасындағы оқу орталықтары -2. Білім беру ұйымдарының

Документ подписан: Умбетова Т. К., 08.07.2025

5294-25-3-1-1/672

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

тізілімі enbek.kz және atameken.kz платформаларында жарияланған. Сондай-ақ, тізілімде «Маман-Специалист», «Специалист», «Amanat Safety», «Sapa», «КПРК Орта», «Global 2021», «Жарын болашақ» оқу-өндірістік орталықтары жоқ екенін, ал «Профессионал DVP» және «Қонажайлылы индустриясы сертификаттау орталығы» оқу орталықтары Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы тарапынан аккредиттелген мекеме болып табылатынын хабарлаған.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің маманы сот отырысында аспаздың 5, 6 разряд біліктілігі аккредиттелген оқу орнындары мен оқу - өндірістік орталықтарымен ғана берілетінін түсіндірді.

Ендеше, сот конкурс бойынша жеңімпаздан басқа да жоғарыда көрсетілген дара кәсіпкерлерге аспазының болуы және олардың жұмыс өтілі өлшемшарты бойынша ұпай дұрыс қойылмаған деген тұжырымға келеді.

Сотпен анықталған мән-жайлар жауапкердің әкімшілік қалауын заң шеңберінде жүзеге асырмауының дәлелі болып табылады.

Себебі, Қағиданың 51- тармағының, Қазақстан Республикасының Әкімшілік-рәсімдік – процестік кодексінің (бұдан әрі - ӘРПК) 15- бабының 2- бөлігінің талаптары сақталмаған және бұзылған, себебі әкімшілік орган материалдардың, объектілердің, құжаттар мен мәліметтердің толнұсқалығына күмән болған кезде олардың толнұсқалығын өзі дербес тексеруге міндетті делінген.

Осылайша, конкурстық комиссияның әрекетсіздігі, салғырттығы нәтижесінде конкурс бойынша жеңімпаз дұрыс анықтамауға, хаттаманың анық негіздерсіз қабылдануына алып келген.

Заңбұзушылықтар ұйымдастырушымен талап қоюшылар Д.Э.Эрназаров пен Б.А.Байбосыновтың 2025 жылғы 10 сәуірдегі №ЖТ-2025-01174806, ЖТ-2025-01173722 шағымдарын қарау барысында жойылмаған, жоғарыда анықталған мән-жайлар қайта тексерілмеген, сұратулар жолданбаған.

Жоғарыда анықталған мән-жайлар негізінде сот талап қоюшылардың конкурс хаттамасының, талап қоюшылардың шағымын қанағаттандырусыз қалдыру туралы ұйымдастырушының шешімідерін заңсыз деп танып, күшін жою туралы талап қоюлары қанағаттандыруға жатады деген тұжырымға келеді.

№ 3 талап қою бойынша

Талап қоюшылар жауапкерге конкурс нәтижелерін қайта қарауды міндеттеуді сұрайды.

ӘРПК-нің 5-бабы 2-бөлігіне сай әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті жария-құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау

Документ подписан: Умбетова Т. К., 08.07.2025

5294-25-3-1-1/672

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

айтылатын құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақтылы шешу болып табылады.

ӘРПК-нің 84-бабы 3-бөлігіне сай заңсыз әкімшілік актінің күші жойылған кезде әкімшілік актіні заңсыз деп танудың заңды салдары туралы шешім қабылданады.

Сот жоғарыда анықталған мән-жайлар негізінде конкурс нәтижесі бойынша жеңімпаз дұрыс айқындалмаған және басқа да дара кәсіпкерлерге аспаздарының болуы және олардың жұмыс өтілі өлшемшарттары бойынша ұпай дұрыс қойылмаған деген тұжырымға келді.

Ендеше, сот талап қоюдың бұл бөлігі де қанағаттандырылып, жауапкерге сотпен анықталған мән-жайларды ескере отырып, Қағиданың 51- тармағының талаптарының шеңберінде тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан, ақпараттық жүйелерден мәлімет сұрату арқылы, конкурс нәтижелерін қайта қарауды міндеттеуге жатады деп табады.

Бұл ретте, ұйымдастырушы конкурс нәтижелерін қайта қарау кезінде осы талап қоюшылар көтерген мәселелер шеңберінде ғана емес, Қағиданың 7- қосымшасында және ескертпесінде қойылған талаптарының сақталуын қамтамасыз ету керек.

Сонымен қатар, ӘРПК-нің 122 бабының 1- бөлігіне, Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 109- бабының 1- бөлігіне, Салық кодексінің 108- бабының 4- тармағына сәйкес талап қоюшы Д.Эрназаровтың электронды чектерге сәйкес 2025 жылғы 15-мамырда төлеген 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты), 2025 жылғы 12 маусымда төлеген 3932 (үш мың тоғыз жүз отыз екі) теңге мөлшеріндегі, талап қоюшы Б.Байбосыновтың электронды чектерге сәйкес 2025 жылғы 15-мамырда төлеген 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты), 2025 жылғы 12 маусымда төлеген 3932 (үш мың тоғыз жүз отыз екі) теңге мөлшеріндегі, талап қоюшы К.Пайзиеваның 2025 жылғы 10 маусымдағы электронды чекке сәйкес төлеген 19 660 (он тоғыз мың алты жүз алпыс) теңге мөлшеріндегі мемлекеттік баж төлемдері мемлекеттік бюджеттен қайтарылуға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

ӘРПК-нің 151-152, 156- баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Дара кәсіпкерлер Дилмурат Эргашваевич Эрназаровтың, Бактияр Абдашимович Байбосыновтың және Камила Абдуллаевна Пайзиеваның «Шымкент қаласының Мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік

Документ подписан: Умбетова Т. К., 08.07.2025

5294-25-3-1-1/672

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

мекемесіне 2025 жылғы 8 сәуірдегі № 13840069-1 конкурс қорытындыларына дау айту туралы әкімшілік талап қоюлары қанағаттандырылсын.

2025 жылғы 8 сәуірдегі №13840069-ОК1 конкурс қорытындылары туралы хаттама заңсыз деп танылып, күші жойылсын.

Талап қоюшылар Дилмурат Эргашваевич Эрназаров пен Бактияр Абдашимович Байбосыновтың 2025 жылғы 10 сәуірдегі №ЖТ-2025-01174806, ЖТ-2025-01173722 шағымдары бойынша ұйымдастырушының шешімдері заңсыз деп танылып, күші жойылсын.

«Шымкент қаласының Мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесіне №13840069-ОК1 конкурс нәтижелерін қайта қарау міндеттелсін.

Дилмурат Эргашваевич Эрназаровқа, Бактияр Абдашимович Байбосыновқа және Камила Абдуллаевна Пайзиеваға талап қою бойынша төлеген мемлекеттік баж төлемдері бюджеттен қайтарылсын.

Шешімге іске қатысушылар ӘРПК-нің 168, АПК-нің 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Шымкент қалалық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты арқылы шешім түпкілікті шығарылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде апелляциялық шағым беруге құқылы.

Судья **Т.Үмбетова**

Документ подписан: Умбетова Т. К., 08.07.2025